

## *ДжанмолдаевБақытжан Джамаладинұлы*



Туған жылы, айы: 29.03.1955

Шымкент қаласы

Ұялы телефон: +7 777 368 23 00

E-mail: [Janmoldayev-bakitzhan-1955@mail.ru](mailto:Janmoldayev-bakitzhan-1955@mail.ru)

### **Мақсаты: Жеткен жетістікке малданбау**

### **Білімі:**

1982 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің математика факультетінің күндізгі бөлім бойынша бітіріп «математик, оқытушы» біліктілігін алдым. 1990 – 1993 жылдар аралығында Мәскеу мемлекеттік құрылыс университетінің аспирантурасында (күндізгі бөлім бойынша) 01.02.04 – «деформацияланатын қатты денелер механикасы» мамандығы бойынша оқыдым.

1993 жылдың 21 желтоқсанында «Колебания вязкоупругих пластин, находящихся под поверхностью деформируемой среды» тақырыбы бойынша диссертация қорғап, жоғарыда аталған мамандық бойынша техника ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алдым. (Мәскеу қаласы, МГСУ).

2004 жылдың 16 қаңтарында Самара мемлекеттік сәулет және құрылыс академиясының Д.064.55.01 диссертациялық кеңесі отырысында «Динамика плоских элементов конструкций, взаимодействующих с деформируемой средой» тақырыбында диссертация қорғап, техника ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алдым.

### **Еңбек тәжірибесі:**

- Қараша 1982 – желтоқсан 1983 жылдар., Арал қаласындағы Н.К. Крупская атындағы орыс орта мектебінің математика пәні мұғалімі.
- Желтоқсан 1983 – желтоқсан 1990 жылдар аралығында ЖГҚИ-дың Қызылорда филиалы жоғары математика кафедрасының оқытушысы (соңынан КИИАП).

- Қаңтар 1991 – желтоқсан 1993 ж., Мәскеу мемлекеттік құрылыс университетінің күндізгі бөлім бойынша аспиранты.
- Қаңтар 1994 – желтоқсан 1997 ж., Қызылорда агроөнеркәсіп инженерлері институты жоғары математика кафедрасының аға оқытушысы (соңынан Ы.Жақаев атындағы Қызылорда политехникалық институты).
- Желтоқсан 1997 – қыркүйек 1999 ж., Ы.Жақаев атындағы Қызылорда политехникалық институты жоғары математика кафедрасының меңгерушісі (соңынан Қорқыт Ата атындағы ҚМУ).
- Қыркүйек 1999 – қазан 2000 ж., Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-дың математика және физика кафедрасының меңгерушісі.
- Қазан 2000 – желтоқсан 2001 ж., Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-дың мұнай және газ факультетінің деканы.
- Желтоқсан 2001 – маусым 2003 ж., Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-дың аға ғылыми қызметкері.
- Маусым 2003 – қазан 2004 ж., Қорқыт Ата атындағы ҚМУ жоғары математика кафедрасының доценті.
- Қазан 2004 – Қыркүйек 2005 ж., Қорқыт Ата атындағы ҚМУ мұнай және газ факультетінің деканы.
- Қыркүйек 2005 – қаңтар 2008 ж., қашықтықтан оқыту және мамандарды қайта даярлау орталығының директоры.
- Қаңтар 2008 – қыркүйек 2011 ж., Қорқыт Ата атындағы ҚМУ жоғары математика кафедрасының профессоры.
- Қыркүйек 2011 – қазан 2015 ж., Қорқыт Ата атындағы ҚМУ жоғары математика және қолданбалы механика кафедрасының меңгерушісі.
- 2015 жылдың қазан айынан осы күнге дейін Қорқыт Ата атындағы ҚМУ (соңынан «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті КЕАҚ») математика және қолданбалы механика кафедрасының профессоры қызметін атқарудамын.

### **Ғылыми және ғылыми-әдістемелік саласындағы жетістіктер:**

60-тан астам ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың, 1 ғылыми монографиялық және 1 оқу құралының авторымын. Ғылыми мақалалар орталық ғылыми басылымдарда жарияланған. 7М06149 – «Ақпараттық жүйелер» және 7М06150 – «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» дайындау бағыттары бойынша оқитын магистранттарға арнап таңдау компоненттеріне енетін «Бүтін санды алгебра» және «Кодтар теориясының математикалық негіздері» пәндерін оқу үдерісіне енгіздім. Бұл пәндер соңғы 5 оқу жылдарында үзбей оқытылуда. Осы оқу

жылында облыстың математика пәні мұғалімдеріне арналған «Мектеп математикасының таңдалмалы бөлімдері мен теоремалары» тақырыбында біліктілікті көтеру курсының бағдарламасын жасадым. Курстың жұмысы 72 сағатқа есептелген.

### **Басқа да жетістіктер:**

Соңғы 35-37 жылдар бойы қаланың, аудандардың дарынды оқушылармен үзбей жүйелі түрде жұмыс істеп келемін. Көптеген оқушылар облыстық, республикалық олимпиадаларда жүлдегер болды. Олардың көбі шет елдердегі, еліміздегі іргелі оқу орындарын бітіріп, республикамыздың барлық жерінде табысты еңбек етуде.

2007 жылдан бері «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері» атағына иемін. 2005 жылы «Қазақстан ғылымын дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен марапатталдым.

### **Басқа да қосымша мәліметтер:**

Отбасылымын. Алты бала (3 ұл, 3 қыз) тәрбиелеп өсірдім. Барлығы да елімізде, шет елдерде жоғары білім алған. Қазіргі кезде еліміздің Нұр-Сұлтан, Ақтау және Қызылордада табысты еңбек етуде.